

«Сейфуллин оқулары–12: Ғылым жолындағы жастар - болашақтың инновациялық әлеуеті" атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения–12: Молодежь в науке-инновационный потенциал будущего». – 2016. – Т.І, ч.1. – Б. 393-395

ЖАМБЫЛ ОБЫЛЫСЫ «ШАУШЕН»ШҚ ӨСІРІЛЕТІН ЖЫЛҚЫ МАЛЫНЫҢ ЕТ ӨНІМІ

Құрман С.

Оңтүстік өңірі Мойынқұм, таулы жайылым аймағында жергілікті қазақтың жабы жылқы түрін өсіру және жаңа ауыржүкті жылқы тұқымын шағылыстыру, олардың таулы аймақтарда жыл бойы тебінде өсіріп, экологиялық таза жылқы етін өндіру–өзекті мәселе.

Осыған орай зерттеу мақсаты. Қазақтың жабы жылқысының ауыржүкті жылқы тұқымымен будандастыру арқылы өсіп жетілуін зерттеу және Жамбыл облысы «Шаушен»ШҚ өсірілетін жылқы малының ет өнімін анықтау

Диссертация тақырыбы бойынша қойылатын негізгі міндеттер:

- жылқы етінің БЖШҒЗИ ұсынған үлгі бойынша бұзуымен, морфологиясымен танысып, оны сипаттайтын параметрлерін білу және оларды өлшеу әдістерін игеру;

- шаруашылықтағы жылқы малдарын өсіріп-жетілдіру, өнімдер қалыптасу, күтіп-азықтандыру, өз төлі есебінен көбею технологиясымен танысып тірілей салмағы, өлшемдерін айқындау, есепке алу;

- алынған деректерді сараптап, биометриялық өңдеп, өнімдер параметрлерінің тұқмдық, генетикалық-генотип, қоршаған орта, сырт-пішін, бітім-фенотип ерекшелік-терімен коррелятивтік байланыстарын айқындап, байланыс дәрежесін анықтау.

Күтілетін нәтижелер:

1 Шаруақожалығындағы ауыржүк тартатын жылқы мен қазақы жылқының буданы жылқыларының сырт бітім-пішін, өнімдер-өндіру, өнімдер қалыптастыру негіздері;

2 Шаруақожалығындағы жылқыларын өсіріп дамытуының селекциялық, технологиялық белгілері мен көрсеткіштерін анықталады

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Алғашқы рет Қазақстанның оңтүстік жағдайында жылқысын өсірудің негізгі технологиясын өзгертпей, жыл бойы тебінде будандардың ұша құрамының өзгеру себебі, пайдалану мүмкіндігі дәлелдеу[1].

Теориялық құндылығы. Қазақтың жабы жылқысымен будандардың сұрыптау мен жұптау және тебінде өсу төзімділігін салыстыру.

Практикалық құндылығы. Ет өнімі жоғары жаңа «Шаушен» ШҚ жылқыларын қалыптастыру

Зерттеу нәтижелері. Жылқыларды сойғандағы ұша салмағы Жылқы сою БЖШҒЗИ әдістемесімен өткізілді, зерттеу мәліметтері Н.А.Плохинский биометриялық әдісімен есептелді[2].

Өндіріске енгізу деңгейі. Жамбыл облысы «Шаушен» ШҚ фермасында 1000 қазақтың жабы жылқы түрі бар, оның 470 басы бие, 7 басы аталық айғырлар. 2010-2015 жыл кезеңі ішінде шаруашылық 300 бас айғыр мен биелерді Республикадағы жылқы шаруашылықтарына сатты, оның арқасында жергілікті қазақы жылқылардың өнімділігі жоғарылады[5]. Ғылыми зерттеу жұмыстары Жамбыл өңірі, Т. Рысқұлов ауданы, «Шаушен» мал тұқым шаруа қожалығында. Жылқылардың саны 1000 бас, олардың ішінде 670 бас-бие. Жылқыны етке арнап өсіргенде оны жыл бойы табында бағу экономикалық жағынан өте тиімді болып табылады. Сондықтан Қазақстанда етке арнап жылқы өсіргендегі ең тиімді тұқымы– жергілікті қазақы жылқы, әсіресе оның «Жабы» оның бұдандары өнеркәсіптік жолмен бұдандастыру үшін Ресейдің ауыр жүк тартатын жылқысы, сондай-ақ денесі шомбал келген жылқысының айғырлары пайдаланылды.

Түрлі жастардағы жабы типтес қазақы жылқылар мен олардың бұдандарының ет өнімі, сондай-ақ етінің морфологиялық құрамы Жылқыны көктемде жайып семірту сәуірде басталып, маусымның ортасына дейін созылады. Бұл кезде жылқылар 60-100 кг салмақ қосып, сиыр мен қой етке өткізуге әлі дайын болмайтын мезгілде екінші тоқсанда етке өткізуге жарап қалады.

1 кесте. Жабы мен ауыр жүк тартатын бұдан жылқының сойылғандағы салмағы мен түсетін еті

Жылқы тұқымдары	Орташа тірлейсалмағы, кг	Еті мен майының салмағы, кг	Түскен еті, шығымы, %
Жабы типтес қазақы жылқы, жоғарықоңды	400-450	210-250	53-58
Жабы типтес қазақы жылқы, орташақоңды	350-400	170-210	48-53
Ауыр жүк тартатын жылқы мен қазақыжылқының бұданы, жоғары қоңды	520-570	270-310	52-55
Ауыр жүк тартатын жылқы мен қазақыжылқының бұданы, орташа қоңды	470-520	220-250	47-52

Жылқыны күзде жайып семірту қазан, қараша және желтоқсанның басына дейін созылады. Бұл кезде олардың салмағына 30-45 кг қосылады. Етке өткізілетін жылқы саны көп болмаған жағдайда (40-50 бас) олар жалпы табында жайыла береді. Ал етке өткізілетін жылқы саны 100

және онан да көп болған жағдайда олардан жеке табындар құрылады. Көктемгі жайып семірту маусымының бастапқы кезінде жылқылар жайылымға бағылады, ал бозды бетегелі шөптің өсуіне қарай астық тұқымдас жайылымға көшіріледі[3]. Жылқылар осындай жайылымда көктемгі жайып семірту маусымының аяғына дейін болады. Күзде (қыркүйек-қазан айларында) жайып семіртудегі табындар дәнді жусанды шөптер өскен жайылымда болады, ал қар жауысымен жусанды шырмауықты жайылымға, ал жайып семіртудің соңғы маусымында шырмауықты жусанды жайылымға көшіріледі[4].

Көктемгі жайып семірту маусымының бастапқы кезінде жылқылар тәулігіне екі рет, ал күн ысыған соң үш мәрте суарылады. Күзде (қар жауғанға дейін) жылқы тәулігіне екі рет суарылады. Қыста табындағы жылқылар әдетте суарылмайды. Жылқы қар теуіп сусынын қандырады.

Көктемде жайып семірткеннен кейін бракқа шығарылған бедеу биелер, сондай-ақ үш жасар және онан да егде аттар мен бракқа шығарылған айғырлар өткізіледі. Күзгі жайып семірту маусымынан кейін әдейі етке арнап өсірілген 2,5 жасар жылқылар, сондай-ақ бракқа шығарылған құлынды биелер өткізіледі. Тұқымдық сапасы жөнінен бағалы деген құлындар есейтіп өсіру үшін биеден бөлініп алынады да, қалғандары енесімен бірге өткізіледі. 2-3 ай жайып семірткенде ересек жылқылардың жоспарлы қосқан салмағы, жылқы етінің құрамы көрсетілген. Жылқыны бордақылау кең тараған. Бордақылау үшін жармаланған дән мен басқа да жемдер пайдаланылады, жылқыға аздап шөп пен шырынды азықтар беріледі. Жылқы 1 кг қосқан салмағына 6-9 азық өлшемін жұмсайды. Байтал мен құнанды, сондай-ақ қоңдылығы онша емес ересек жылқыны бордақылауға жұмсалған жемнің орны еселеп қайтады.

Қазиханов Р.а.ш.ғ. докторы, профессор, ғылыми жетекші

Әдебиеттер тізімі

1. Әкімбеков Б.Р., Мүслімов Б.М., Әкімбеков А.Р., Дәленов Ш.Д. Жылқы шаруашылығы оқулық.-Қостанай: «Қостанайполиграфия», 2007.-256 б.
2. Плохинский Н.А. Биометрия.-М.:Изд-во МГУ, 1970. – 367с.
3. Мұқантайқызы Г. Қытай іле аймағындағы қазақы жылқысы экотипінің өндіріске тиімді белгілерін бағалау: автореф. ... а-ш.ғ.канд-Алматы, 2009.-26 с.
4. Cantoni, C; Daubert, S; Perlasca, M. Wurstel Production with Horse Meat-use of Pre-salted Horse meat for Wurstel Production proposed.- Archivio Veterinario Italiano, 1979.-V.30, Release: 5-6.-P. 197-199.